

## ТӘУЕЛСІЗДІК ТҰҒЫРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН

Абдығалық А.Е.<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Семей медициналық университетінің  
«Жалпы медицина» мамандығының студенті

Семей, Қазақстан

E-mail: [altynay.abdygalyk@bk.ru](mailto:altynay.abdygalyk@bk.ru)

**Аңдатпа.** Тәуелсіздік жылдарында ел экономикасы дамуы нәтижесінде әлемдік шаруашылық жүйесіне үйлесімді кіріп, сыртқы экономикалық дағдарыстарға қарсы тұруға мүмкіндік алды. Елімізде экономикалық, саяси және әлеуметтік салаларда аса ірі реформалар жүзеге асты. Сондықтан, бүгінгі таңда Қазақстан әлемдік қауымдастықта беделді орын алып отыр. Қазіргі уақытқа дейін мемлекеттің дамуы жолында көп жұмыс атқарылды, көптеген мақсат-мұраттарға қол жеткізілді. Дегенмен, одан әрі даму мақсатында мемлекет алдында әлі де айтарлықтай көп міндеттер тұр.

**Тірек сөздер:** Қазақстан, тәуелсіздік, рухани жаңғыру, ұлттық мәдениет, бағдарлама, ұлттық философия, стратегия, Тұңғыш Президент, ғылым.

1991 жылғы 16 желтоқсанда «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық заң қабылданған сәттен бастап, біздің еліміз әлемдік қоғамдастықтың алдында өз халқы үшін жауапкершіліктің ауыр жүгін мойнына алған жас егемен мемлекет ретінде пайда болды.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевқа Қазақ КСР-інің жан-жақты дағдарыс пен Кеңес Одағының ыдырауынан кейін мемлекетті нөлден бастап құру тарихи миссиясы түсті.

Тәуелсіздіктің тұғыры елімізде орныға бастаған тарихи кезеңнен бері Декларация бойынша, Қазақстан халқы мемлекеттік билік пен егемендіктің қайнар көзі болып табылады. Декларацияда еліміздің ширек ғасыр ішінде қол жеткізген жетістіктері және Н.Ә. Назарбаевтың ерен еңбегінің арқасында мүмкін болғаны атап көрсетілді. Н.Ә. Назарбаевтың басшылығымен біз егеменді ел болып, дүние жүзіне танымал болдық. Осы жетістікке жету үшін Қазақстан халқының, соның ішінде қазақ ұлтының рухани және материалдық игіліктерін арттыруға байланысты ауқымды жұмыс жасалды. Қазақстан осынау тарихи қысқа мерзімде экономикасы қарқынды дамыған, табысқа жетудің бірегей тәжірибесі бар саяси тұрақты мемлекет ретінде қалыптасты.

Қоғамдық келісім мен саяси тұрақтылық, ел ішіндегі жетістіктері мен сыртқы бейбіт саясаты арқасында әлемге танылған Қазақстан Республикасы бүгінгі таңда мықты әрі табысты мемлекетке, әлемдік сахнадағы беделді ойыншылардың біріне айналды.

Үш жүз жыл бойы бодандықтың темір шынжырымен байланған қазақ халқының ұлттық идеяны қайта көтеріп, туған елін жандандырып, бар болғаны 28 жыл ішінде дербес әлемге танылуына жеткізген күш – ғасырлар бойы халқымыздың көкірегінде жанып тұрған ұлттық намыс пен азаттық рухы. Тоталитаризм шырмауынан босап, саяси тәуелсіздікке қол жеткізген

қазақ елінің осы заманға лайық жаңаруы мен әлемдік өркениеттің көшіне ілесуі барысындағы өзін айқындауы саяси-мемлекеттік және ұлттық-мәдени бірегейлік мәселесін бірден қолға алды. Қазіргі кезде бұл мәселенің өзектілігі мен маңыздылығы еліміздің сыртқы өркениеттердің қайшылы ықпалы аумағында орналасқан геосаяси жағдайымен, ішкі мәдени әртектілігімен, сонымен қатар, ұзақ уақыт бойы трансформациялық үдерістерді бастан өткізген мемлекет құрушы ұлт – қазақтардың бірегейлігімен түсіндіріледі.

Қазақ халқы өзінің ұлттық бостандығы мен егемендігі үшін 260-тан астам ұлт-азаттық қозғалысқа, көтеріліске шықты. Еліміздің барша азаматтары, кішкентай бүлдіршіннен бастап, жүз жасаған ақсақал-қарияларымызға дейін – барлығымыз тәуелсіз дербес мемлекетіміз бар екендігін осы 28 жыл ішінде толық сезіндік.

28 жыл ішінде елдің ішкі экономикалық жүйесі түбегейлі өзгеріп, дамыған өркениетті елдердің ешқайсысынан кем түспейтін нарықтық қатынастар мен институттар құрылды. Тәуелсіздік жылдарында ел экономикасы дамуы нәтижесінде әлемдік шаруашылық жүйесіне үйлесімді кіріп, сыртқы экономикалық дағдарыстарға қарсы тұруға мүмкіндік алды. Елімізде экономикалық, саяси және әлеуметтік салаларда аса ірі реформалар жүзеге асты. Соның негізінде Қазақстан дүниежүзілік экономикада өз орны бар бәсекеге қабілетті елге айналды. Осы уақыт аралығында жеке адамның, тұлғаның құқықтары мен бостандығы заңмен қорғалатын, демократиялық институттар мен құндылықтар орныққан ашық қоғам құрылды. Сондай-ақ, қазақстандықтар бұрынғы қасаң идеология шырмауынан арылып, дәстүрлі мұраларды қастерлейтін тұтас бір жаңа толқын жетілді. Қазақ халқының ұлттық санасы мен дүниетанымы жаңарып, өзін-өзі тану, өзін басқаға таныту, өзінің бай, ежелден қалыптасқан тарихы мен ұлттық дәстүрлерін құрмет тұту, ұлы тұлғалар мен ойшылдарын төрткүл дүниеге таныту, бай рухани және мәдени қазынасын әлемдік өркениетпен ұластыру бағытында қыруар шаруа атқарылды.

Қазақстан әлемдік қауымдастықта беделді орын алып отыр. Республиканың көп векторлы сыртқы саясаты өзінің тиімділігін дәлелдеді. Шет мемлекеттермен, әлемдік институттармен тең құқықтық және өзара тиімді ынтымақтастық жолға қойылды, өңірлік және өңіраралық байланыстар тереңдеп келеді. Қазіргі кезде Қазақстан Республикасы ынтымақтастықтың еуразиялық көпіріне айналды. Еліміз ЕАЭО, ШЫҰ, АӨСШК секілді интеграциялық жобалардың бастамашысы және ілгерілетушісі болып табылады.

Елдің ел болып қалыптасуында, оның дамып, іштегі бірлігін сақтап, әлем елдерінің арасында абыройлы орын алуы үшін экономика және саясат салаларын дамытумен қатар, тілін және мәдениетін жақсы біліп, жоғары көтеруі керек.

Осы орайда Тұңғыш Президенттің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы іске қосылды. Ол саяси реформалар, экономикалық дамудың жаңа үлгісін құру және рухани саланы жаңғырту бағыттарын қамтиды.

Ш. Айтматовтың айтуы бойынша: «Тіл – халықтың автопортреті. Әр тіл - өз орнында ұлы, әр тіл - бүкіл адамзат қазынасының ортақ палитрасындағы өз өрнегімен қымбат». Тіл – ұлттың жаны, рухы, оның бет-бейнесі, өткені мен бүгінгі және болашағы. Тіл – бұл үлкен саясат, елді біріктіретін күш. Ал оны дұрыс жүргізу мемлекет пен ұлттың мүддесі, саяси-мәдени, рухани өрісінің деңгейіне байланысты. «Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады» деп ұлы ғұлама А.Байтұрсынов айтқандай, тіл ұлттың дұрыс қалыптасып, мемлекет болып сақталып қалуында маңызды рөл атқарады.

Н.Ә. Назарбаев Қазақстан халқы ассамблеясының ХҮІІ сессия отырысында Қазақстан жерінде тұрып жатқан халықтардың басын қосатын тіл қазақ тілі болуы керектігін анық атап көрсетті: «Қазақстанды, қазақты достықтың киелі шаңырағына теңесек, түрлі этностар оның алтын арайлы шуақтары іспетті. Бұл ретте байтақ мекенде баршамызды біріктіре түсетін ортақ құндылықтар бар. Ол – біздің талайлы тағдырымызды тұтастыратын шежірелі тарихымыз.

Ол – біздің байтақ мәдени мұрамыз бен қазығы берік мемлекеттік тіліміз».

«Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында» мемлекеттік тілді қолданудың мәртебесін арттыру, қазақ тілінің лексикалық қорын жетілдіру және жүйелеу міндеттері қойылған.

Ал «Үштұғырлы тіл» идеясы қазақ тілімен бірге, орыс және ағылшын тілдерін дамытумен байланысты. Осы күнге дейін қазақ тілін қарқынды дамыту және жетілдірумен қатар орыс және ағылшын тілдері де барынша меңгерілуде.

Тұңғыш Президенттің «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты халқына Жолдауында: «Тілдердің үштұғырлығы мәдени жобасын кезеңдеп жүзеге асыруды қолға алуды ұсынамын. Қазақстан бүкіл әлемге халқы үш тілді пайдаланатын мәдениетті ел ретінде танылуға тиіс. Бұлар - қазақ тілі - мемлекеттік тіл, орыс тілі - ұлтаралық қатынас тілі және ағылшын тілі - жаһандық экономикаға ойдағыдай кіру тілі» деген үндеуінде үштілділік – бәсекеге қабілетті елдер қатарына апарар басты баспалдақтардың бірі екенін айтып өткен. Ұлттық мәдениеттің дамып, қалыптасуында әдебиет пен философия өзіндік маңызды, ерекше рөл атқарады. Қазіргі тәуелсіз Қазақстан жағдайында отандық философия әлемдік философияның құрамдас бөлігі есептелінеді. Ол өз бойына әлемдік мәдениеттің, ғылым мен техника жетістіктерін жинақтап, жалпыадамзат рухының логикасын танытатын құбылысқа айналғаны абзал. Сонда ғана қазақтың ұлттық философиясы мен әлемдік философия арасында байланыс орнап, зерттеу мен оқыту кең қанат жайып, адам санасындағы, рухындағы терең астарлар айшықтана түседі.

Тәуелсіз мемлекет мәдени және рухани-адамгершілік тұрғыдан айқын бағытсыз ойдағыдай дамымайды. Еліміз Батыс пен Шығыс және ежелгі өркениетті Қытайдың қақ ортасында орналасқан. Бұл жағдай қазақ халқының кешегі, бүгінгі және ертеңгі рухани болмысына және дүниетанымына әсерін тигізбей қоймайды. Ендеше, қазақ халқы үшін мәдениеттің экономика мен саясатпен салыстырғанда, маңыздылығы кем емес. Дәстүрлі қазақ қоғамын

осындай өркениеттік бағытта зерттеу қомақты философиялық нәтижелерге жетелейді.

Қазақ ғарышында, оның ұлы даласында қалыптасқан ойы әлемдік философия тарихының құрамдас бөлігіне айналды. Бұл тарихтың субъектілері болып қазақтың дана хандары, билері, жыраулары, ақындары, ағартушылары мен ғалымдары, сондай-ақ, ойшылдары есептеледі. Тәуелсіз Қазақстанның осындай философиясы еркіндік пен әмбебаптық деңгейге ие болып, адам рухының кез келген көріністерін байқатып, адамдардың болмысын біріктіруші негізге айналады.

Қазақстандағы қазіргі философияның алдында жаңа әлеуметтік және саяси шындықтың күрделі мағынасын ашу, өтпелі кезеңнің қайшылықтары мен ерекшеліктерін анықтау, тәуелсіз Қазақстанның өркениетті 30 ел қатарына кіруінің мәдени-тарихи алғышарттарын байыптау сияқты қиын әрі күрделі міндеттер тұр.

Жаңа философиялық білім беру, ғылыми-техникалық, ұлттық және мәдени саясатты қалыптастыру мәселелері сананың азаматтық қоғам мен нарықтық экономиканың құндылықтары бағытында ұстануын қажет етеді. Жаңа құндылықтар бағытында ұстану Қазақстан дамуының демократиялық жолмен өрбуіне, әлеуметтік қатынастардың қоғамды біріктіре түсетін құрылысқа айналуына негіз бола алады. Ал бұл республикада этносаралық және конфессияаралық, әлеуметтік және саяси тұрақтылықтың нығая түсуіне ықпал етеді.

Қазақ халқы өзінің философиялық ойын өткен ғасырларда, негізінен, жыр жолдары көмегімен өрнектеген. Бұл – қазақ халқының шығыстық ерекшелігі. Әрбір даналыққа толы ой-тұжырым ерекше бейнелер арқылы бейнеленген. Сондықтан, халқымыз өзінің ақын-жырауларын, би-шешендерін аса құрметтеген. Кәсіби философияның күрт дамуы – халықтың өзіндік ұлттық санасының дамуының көрінісі, оның рухани еркіндігін, ашық азаматтық қоғамын құруға талпынысы.

Халықтың рухани мәдениетінің пәрменді дамуы ішкі жетілумен қатар, басқа мәдениеттердің құндылықтарын бойға сіңіре білумен де астасып жатыр. Басқа халықтардың мәдениетін зерттеп, танумен бірге ұлттық мәдениет өздігінен оқшауланып қалмайды, ол сол мәдениеттердегі жаңа толқындарды қабылдап, олардың қажетті тұстарын сіңіреді. Осылайша, өзінің ғасырлар бойы жиналған рухани қазынасын одан сайын байыта түседі.

Сондықтан, мәдениетімізді және руханиятымызды жаңғыртып, насихаттау мақсатында «Мәдени мұра» бағдарламасы іске қосылған болатын. «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы тұңғыш Президенттің Қазақстан халқына Жолдауының нәтижесінде жасалып, ұзақ уақыт бойы іске асырылып, жемістерін берді. «Мәдени мұра» бағдарламасы қазіргі тәуелсіз Қазақстанның жаңарған рухани келбетін, Республиканың орны мен ұстанымын, оның өркениетті қауымдастықтағы беделі мен мәртебесін айтарлықтай көтерді. Ұлттық және әлемдік философияны игеру көптеген мүмкіндіктер ашады, ал оның негізгі мақсаты – тұлғаның рухани

калыптасуын іске асыру, ұлттық сана мен рухты ояту арқылы еліміздің рухани тәуелсіздігі мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету болып табылады.

Мемлекеттің дамуы барысында барлық салалар өзара әсерлесіп, қарқынды жұмыс істейді. Ал дамудың дұрыс бағдарын беретін – Елбасы. Барлық Президенттік жолдауларда тек мәдениет пен білім салалары ғана қарастырылмай, әлеуметтік-экономикалық салаларға да көңіл бөлінеді.

Қазіргі кезде өндірістің және жалпыұлттық табыстың баяу болса да, өсу қарқыны байқалады. Кәсіпорындар осы заманғы жаңа технологиялармен барынша жабдықтандырылуда. Бұрынғыдай, шикізат қана емес, өңделген өнімдер шығаратын жаңа өнеркәсіп орындары пайда болуда.

Мәселен, Қазақстан 2030 Стратегиясында еліміздің экономикалық өсуі мен дамуына үлкен көңіл бөлінген. Экономиканы жаңғыртудың басты бағыттары мен жолдары халқымыздың әл-ауқатын арттыруға бағытталған.

Алайда, ағымдағы жылдың елдің экономикасына тигізген әсері айтарлықтай үлкен. Пандемияға қатысты карантиндік шаралардың енгізілуімен байланысты экономикалық белсенділік өзгерді.

Елімізді әлеуметтік жағдайы мен экономикалық әл-ауқатын арттыру - күн тәртібінен түспейтін міндеттердің бірі. Бүкіл әлемді шарпыған жаһандық дағдарыс біздің әлеуметтік-экономикалық жағдайымызға да теріс әсерін тигізгені рас. Дегенмен, экономикалық жағдайды жақсарту мақсатында көптеген жұмыстар жасалып жатыр.

Н.Ә. Назарбаев, «Қазақстан 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» жолдауында: «Ғылыми қамтымды экономика құру – ең алдымен Қазақстан ғылымының әлеуетін арттыру».

Ғылым саласына келер болсақ, мемлекетіміздің дамуы ондағы білім деңгейімен тікелей байланысты. Елдің келешегі өскелең ұрпақ қолында екендігін ескере отырып, білім беру мен тәрбие саласына аса назар аудару керек. Себебі, білім мен тәрбие адамгершілігі мол тұлға қалыптастырудың қос қанатындай. Тұңғыш Президентпен елдің ғылыми-технологиялық дамуының 2020 жылға дейін салааралық жоспар жасалып, жүзеге асырылды. Сонымен қатар, Ғылым туралы жаңа заң әзірленді. Жалпы, бұл мәселелер бүгінгі күннің талабынан туындап отыр және біздің тәуелсіздігіміздің баянды болуымен байланыстырылады.

Қазақстанның Мемлекеттік Тәуелсіздігі 29 жылға жақындап келе жатыр. Осы жылдар ішінде тұңғыш Елбасының даналығы мен көрегендігінің арқасында бүгінгі күнге дейін тиімді жұмыс істеп келе жатқан негізгі мемлекеттік институттар құрылысы мен міндеттері айқындалды. Республикамыздың Тұңғыш Президентінің жаңа қазақстандық мемлекеттілікті құру және нығайту жөніндегі еңбегінің тәжірибесін тарихшылар әлі келешекте бағалайды. Бірақ бүгіннің өзінде Н. Назарбаевтың реформаларының арқасында Егемен Қазақстан әлемдік қауымдастықта дербес даму жолымен қадамын нық басып келеді.

Әрине, бүгінгі күнге дейін көп жұмыс атқарылды, көптеген мақсат-мұраттарымызға қол жеткіздік. Дегенмен, одан әрі даму мақсатында

мемлекет алдында айтарлықтай көп міндеттер тұр. Олардың орындалуында Қазақстанның әрбір азаматы белсенді атсалысуы қажет.

Кез келген қоғамда адамдардың рухани және мәдени дамуы мен жетілуне жағдай туғанда ғана сол қоғам орнықты сипатқа ие болмақ. Осыдан шығатын қорытынды: өркениетке ұмтылған елдің қарқынды әрі дұрыс дамуын қамтамасыз еткісі келетін мемлекет басшысының қоғамдағы адамдардың рухани-адамгершілік дамуына көп көңіл бөлуі керек және әрбір азамат мемлекеттің рухани жаңғыруына өзінің үлесін қосуы керек.

Қазіргі қазақ халқы үшін жасанды, виртуалды әлемде жоғалып кетпеу, жаһандану заманында өз тәлғумалығымызды, қайталанбас ұлттық болмысымызды, ұлттық ойлауымыз бен кейпімізді сақтап қалуымыз маңызды болып отыр. Батыс мәдениетімен бәсекеге түсуге қабілетті ХХІ ғасырдағы рухы биік мәдениетімізді және руханиятымызды одан ары жандандырып, қалыптастырған жөн. Рухы мен мәдениеті биік деңгейдегі халық пен мемлекеттің болашағы жарқын. Сол себепті, алдағы уақытта Қазақстанның 30 ел қатарына кіретініне, әлем елдерінің арасында жоғары орында тұратын гүлденген мемлекетке айналатынына мен кәміл сенемін!

#### ӘДЕБИЕТ

- 1 Тәуелсіздік. Демократия. Гуманизм, 2-кітап, Ә.Нысанбаев. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2011. – 392 бет.
- 2 Дипломат жазбалары, 2-том, С.Батырша-ұлы. – Алматы: «Керемет медиа», 2019. – 480 бет.
- 3 Что сделано за время президентства Нурсултана Назарбаева. – Алматы: 1998. – 48 бет.
- 4 Қазақстан 2050 - Біздің күш қуатымыз. – Павлодар: «Дом печати». 2017. – 36 бет.
- 5 Тарихи сана – тәуелсіздіктің рухани тұғыры - <https://e-history.kz/kz/history-of-kazakhstan/show/8807/>
- 6 Тәуелсіздік шежіресі - <https://e-history.kz/kz/news/show/1723/>
- 7 Тәуелсіздік философиясы - <https://abai.kz/post/9845>
- 8 Тәуелсіздік – баға жетпес құндылық - <https://egemen.kz/article/162559-tauelsizdik-%E2%80%93-bagha-dgetpes-qundylyq>
- 9 Қазақстан тәуелсіздіктің 28 жылында қандай жетістіктерге жетті? - <https://qazaqstan.tv/news/120077/>

#### REFERENCES

- 1 Tauelsizdik. Demokratiya. Gumanizm, (Independent.Democracy.Gumanism).2-kitap, A.Nısanbaev. – Almaty: Qazaq énciklopediyası, 2011. – 392 p.
- 2 Batırsha-uly S. Diplomat jazbalary (Diplomat's notes). 2-tom.– Almaty: Keremet media, 2019. – 480 p.
- 3 Tchto sdelano za vremya prezidentstva Nwrsultana Nazarbaeva (That was done during the presidency of Nursultan Nazarbayev). – Almaty: 1998. 48 p.
- 4 Qazaqstan 2050 - Bizdin kush quatımız (Kazakhstan 2050-our strength). – Pavlodar: Dom petchati. 2017. – 36 p.
- 5 Tarihi sana – tauelsizdiktin ruhanı tugırı (Historical consciousness is the spiritual foundation of independence). Kiru rejimi: <https://e-history.kz/kz/historyof-kazakhstan/show/8807/> (Karalğan kuni 2.11.2020).

6 Tauelsizdik shejiresi (Chronicles of Independence ). Kiru rejimi <https://e-history.kz/kz/news/show/1723/> - (Karalğan kuni 4.11.2020).

7 Tauelsizdik filosofiyasy ( Philosophy of Independence). Kiru rejimi: <https://abai.kz/post/9845-> (Karalğan kuni 5.11.2020).

8 Tauelsizdik – бага jetpes qundılıq (Independence is an invaluable asset). - Kiru rejimi <https://egemen.kz/article/162559-tauelsizdik-%E2%80%93-bagha-dgetpes-qundylyq-> (Karalğan kuni 5.11.2020).

9 Qazaqstan tauelsizdiktin 28 jilında qanday jetistikterge jetti? (What achievements has Kazakhstan achieved over 28 years of independence?). - Kiru rejimi <https://qazaqstan.tv/news/120077-> (Karalğan kuni 28.10.2020).

## КАЗАХСТАН В ГОДЫ НЕЗАВИСИМОСТИ

Абдыгалык А.Е.<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Студент Семейского медицинского университета  
специальности «Жалпы медицина»

Семей, Казахстан

E-mail: [altynay.abdygalyk@bk.ru](mailto:altynay.abdygalyk@bk.ru)

**Аннотация.** За годы независимости в результате развития экономики страны она смогла гармонично войти в мировую экономическую систему и противостоять внешнеэкономическим кризисам. В стране произошли серьезные реформы в экономической, политической и социальной сферах. Поэтому сегодня Казахстан занимает престижное место в мировом сообществе. Пока что проделана большая работа для развития государства, много целей достигнуто. Однако государству еще предстоит пройти долгий путь развития.

**Ключевые слова:** Казахстан, независимость, духовное обновление, национальная культура, программа, национальная философия, стратегия, Первый Президент, наука.

## INDEPENDENT KAZAKHSTAN

Abdygalyk A.E.<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Student of «General medicine» of the Semey medical university  
Semey, Kazakhstan

E-mail: [altynay.abdygalyk@bk.ru](mailto:altynay.abdygalyk@bk.ru)

**Abstract.** As the result of economic development during the years of independence the country compatibly entered the global economic system and became able to confront external economic shocks. Big reforms across the economic, political and social industries occurred in the country. This is why Kazakhstan takes an authoritative place in the world community today. To date, a lot of work has been done towards the development of the country, a lot of goals have been achieved. However, there are still many objectives which must be accomplished for the further development of the country.

**Key words:** Kazakhstan, independence, spiritual renaissance, national culture, program, national philosophy, strategy, first President, science.

Статья поступила 28.11.2020